

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Азғанбаева Назом Жамоғалиқызы

(білім алушының аты-жөні)

58075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Нұр-сұттан қалалықтарға 9 қабатта тұр
ған үйдің жылыту және желдету жүйесі

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 33 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба бекітілгендей бұйрыққа сәйкес
және тәжірибе бойынша орындалған. Соған сәйкес
қалалық сұртқа ауа илгіштіктері шығары.
Оған кейін жолытехникалық есеп және агро
диномиялық есеп жасалған.
Дипломдық жобата көрсетілген ескертпелер
жасалған:
- энергетикалық қателіктері байқалған;
- ауа тарлауының саны көп емес; байқалған;

Жұмысты бағалау

Студент Азғанбаева Н. бекітілгендей кейінгі ұзақ
тарих өзі иелік алаша Архивте зерттеулер
және нормативтік құжаттарға сәйкестігі
қолданылған. AutoCad программасымен жасалған бағаланған Дип-
ломдық жоба «өте жақсы» бағалау лайық

Сын-пікір беруші

директор ТОО "ЭКО-НОВОСТ" "ЭКО-НОВОСТ"

(қолы)

(аты-жөні)

«10» 05

2022 ж.



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Аққалиева Назым Қажығалиқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 «Инженерлік жүйелер және желілер»

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: Нұр-сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалған. Дипломдық жобаның түсініктемелік жазбасы 33 беттен, 4 қосымшадан және графикалық бөлімі 5 беттен тұрады.

Дипломды орындауға Аққалиева Н. бірінші күннен кірісіп, сол себептен уақытында бітірді. Дипломдық жобалау кезінде жақсы теориялық білім көрсетіп, бөлімдердің негізгі сұрақтарын өзі еркімен шеше алды, арнайы әдебиеттер және нормативтік құжаттарды қолданды.

Студент Аққалиева Н. дипломдық жобаны толық орындаған, Word, Excel және AutoCad компьютерлік программаларды толық қолданды.

Аққалиева Назым Қажығалиқызы дипломдық жобасын «өте жақсы» (906) бағаға лайық, ал студент Аққалиева Назымға 5B075200 «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры біліктілігін беруге болады.

Ғылыми жетекші

ИЖЖЖ кафедрасының

техн.ғыл.канд., қауым проф.



Нурпеисова К.М

(қолы)

«10» 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Аккалиева Назым

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Нұр-сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 21.3

Коэффициент Подобия 2: 4.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 6

Интервалы: 0

Белые Знаки: 19

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата

28.04.2022.

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагияттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Аккалиева Назым

Тақырыбы: Нұр-сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі.docx

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 21.3

2-ұқсастық коэффициенті (5): 4.5

Дәйексөз (35): 0.7

Әріптерді ауыстыру: 6

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 0

Ақ белгілер: 19

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні

28.04. 2022

Кафедра меңгерушісі

Шимлова Р.
Шим

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Аккалиева Назым

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Нұр-сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі.docx

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 21.3

Коэффициент Подобия 2: 4.5

Микропробелы: 0

Знаки из здругих алфавитов: 6

Интервалы: 0

Белые Знаки: 19

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата

28.04.2022

Заведующий кафедрой

Алимова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Аққалиева Н.Қ.

Нұр-сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету
жүйесі

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., қауым.проф.

К.К. Алимова

« 11 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Нұр-Сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Аққалиева Н.Қ.

Пікір беруші

директор ТОО "Астана-Техника"

Жушартова

« 10 » 05 2022 ж.



Жетекші

техн.ғыл.канд., қауым.проф.

Нурпеисова К.М.

« 27 » 04 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖиЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., қауым. проф.
К.К. Алимова
« 24 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Аққалиева Назым Қажығалиқызы

Тақырыбы: Нұр-Сұлтан қаласындағы 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесі

Университет Басшылығының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі; Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау; Жылыту аспаптары; Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі; Желдету жүйесінің ауа алмасу есебі, аэродинамикалық есебі; Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы; Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау; Еңбек шығынының есебі; Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)


1) Жылыту және желдету жүйесінің типтік кабат жобасы; 2) Жылыту жүйесінің аксонометриялық жоғарғы қатар сұлбасы; 3) Жылыту жүйесінің аксонометриялық төменгі қатар сұлбасы; 4) Желдету жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 5) Күнтізбелік жоспар.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.04.2022	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	10.05.2022	
Экономика бөлімі	К.М. Нурпеисова техн.ғыл.канд., қауым. проф.	10.04.2022	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым. проф.	06.05.2022	

Жетекші _____  Нурпеисова К.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____  Акқалиева Н.Қ.

Күні « 03 » _____ 05 _____ 2022 ж.

АНДАТПА

Көрсетілген дипломдық жобада Нұр-Сұлтан қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесімен қамту көрсетілген. Жұмыстың негізгі мақсаты ғимараттың жылыту және желдету жүйелерін жүргізу, тұрғын үй ішінде болатын адамдарға қолайлы жағдай қамтамасыз ету. Жұмыс бойынша біріншіден ғимараттың жылыту жүктемесі және соған сай жылыту аспаптары таңдап алынады.

Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы бөлімінде құрылыс жұмыстарына қажетті аспаптар, жұмысшылар саны анықталды. Бұл жобамда жылыту және желдету жүйелері экономикалық жағынан үнемді және сапалы болуы қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В указанном дипломном проекте указан охват системой отопления и вентиляции девятиэтажного жилого дома в г. Нур-Султан. Основной целью работы является проведение систем отопления и вентиляции здания, обеспечение комфортных условий для людей, находящихся в жилом помещении. В первую очередь по работе выбираются отопительная нагрузка здания и соответствующие ей отопительные приборы.

В отделе технологии строительно-монтажных работ определены необходимые для строительных работ приборы, количество рабочих. В данном проекте предусмотрено, что системы отопления и вентиляции должны быть экономически экономичными и качественными.

ABSTRACT

The specified diploma project indicates the coverage of the heating and ventilation system of a nine-storey residential building in the city of Nursultan. The main purpose of the work is to carry out heating and ventilation systems of the building, to provide comfortable conditions for people who are in a residential building. First of all, the heating load of the building and the corresponding heating devices are selected for work.

In the department of technology of construction and installation works, the devices necessary for construction work and the number of workers have been determined. This project provides that heating and ventilation systems should be economically economical and of high quality.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Негізгі бөлім	9
1.1 Жобалауға берілген бастапқы деректер және ауаның есепті параметрі	9
1.2 Қоршау құрылымдарының жылу техникалық есептері	12
1.3 Бөлмелердің жылу жоғалуы	13
1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	13
1.5 Жылыту құрылғыларының негізгі шешімдері	14
1.5.1 Жылыту аспаптарын таңдау	15
1.5.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	17
1.5.3 Жергілікті жылу пунктінің негізгі қондырғысы	18
1.6 Желдету жүйесінің шешімдері мен есептері	19
1.6.1 Бөлмелердің ауа-жылу балансын анықтау	
1.6.2 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі	
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	20
2.1 Ұйымдастырылған техникалық шаралар	21
2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау	21
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	21
2.4 Көліктің қажеттілік есебі	22
2.5 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі	24
2.7 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	24
2.8 Желдету жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау	25
2.6 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	26
3 Экономика бөлімі	26
3.1 Келтірілген шығын есебі	30
ҚОРЫТЫНДЫ	31
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
ҚОСЫМШАЛАР	34

КІРІСПЕ

Жабық бөлмеде адам өзінің 60 пайыз уақытын өткізеді. Сондықтан да, оның өмірлік іс-әрекетіне жайлы жағдай жасау үшін, бұл бөлмелерде белгілі жылу режимін қатаң сақтау қажет.

Бөлмедегі жылу режимін жылыту, желдету және ауа баптау жүйесімен қамтамасыз етеді, олар ең алдымен, қоршаушы конструкциясын жылу техникалық және жылу физикалық қасиеттерімен анықталады. Сыртқы қоршаушы конструкциясы, қиын климаттық әсер етуге: лезде суыту және жылынуын, ылғалдылық, қатаю мен ауа-бу өткізгіштіктен бөлмені сақтайды, сол себептен сыртқы қоршаушы конструкциясын таңдауда жоғары талаптар қойылады.

Жылыту-ғимараттар мен үймереттердің бөлмелерінің ішкі ауасына және ондағы қоршау беттеріне температура беріп, оны қажетті деңгейде ұстап тұруға арналған инженерлік жүйелердің бірі. Жылыту қондырғыларымен жылдың суық кезінде бөлмеде жасанды микроклимат қамтамасыз етіледі.

Бөлмелердің ішкі ауасының температурасын тек жылыту жүйесінің жұмысына ғана байланысты емес, сонымен қатар, ол желдету жүйесінің жұмысына да байланысты болуы мүмкін. Бұл жүйелер бірлесе отырып, бөлме ауасының қажетті температурасын, ылғалдылығын, оның қозғалу жылдамдығын, құрамын және тазалығын қамтамасыз етіп отырады.

Бұл дипломдық жобада Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту мен желдету жүйесі қарастырылады. Жылыту ретінде сулы жүйесі қабылданады және оны жобалау кезінде қазіргі заманда қолданылатын жылыту аспаптары мен жабдықтары қолданылды. Желдету жүйесінде табиғи желдету қарастырылған. Бөлмелерде санитарлық - гигиеналық және технологиялық талаптарды қанағаттандыратын ауа ортасының қалыпты параметрлерін қолдау үшін желдеткіштер орнатылады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобалауға берілген бастапқы деректер және ауаның есепті параметрі

Ғимараттың жылыту және желдету жүйесін жобалауға қажетті деректер қабылданады.

Жобалау ауданы – Нұр - Сұлтан қаласы;

Ғимарат аталуы – Тұрғын үй;

Қабат саны - 9;

Ғимарат өлшемдері – 22,12 x 12,38 м;

Ғимарат биіктігі - 27 м;

Жылыту мерзімінде сыртқы ауаның есепті температурасы (ең суық бес күндік): $t_o =$ минус 31,2 °С;

Жылыту мерзімінде сыртқы ауаның орташа температурасы:

$t_{om} =$ минус 6,3 °С;

Жылыту мерзімінің ұзақтығы - 209 тәулік;

Жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы - $\vartheta_o = 3,8$ м/с;

Есепті ішкі ауа жағдайлары бөлменің атауына және жыл мерзіміне байланысты таңдалады. Жылыту, желдету және ауабаптау жүйелерін жобалағанда жайлылық жағдайды ұйымдастыру үшін ең алдымен ішкі, сыртқы орта факторларының жиынтығын есептейміз. Оларға: температура, ауа ылғалдылығы (немесе энтальпия), күн сәулесінің интенсивтілігі, желдің бағыты және жылдамдығы, жауын шашын мөлшері (жаңбыр, қар, тұман) жатады. Аталған факторлар ғимараттың ішкі ауа факторларына және бөлменің жылуылғалдылық балансына әсер етеді.

1.1 Кесте- Есепті ішкі ауа параметрі

Есептік мезгіл	Рұқсат етілетін нормалар		
	t_i , °С	φ_i , %	V_i , м/с
Жылдың жылы мерзімі	$t_{c.a} + 3$ °С 28!	50	0,4
Өтпелі жылдың мерзімі	20	55	0,2
Жылдың суық мерзімі	20	55	0,2

Есепті сыртқы ауа параметрлерін қаланың орналасуына байланысты жыл мезгіліндегі температура, ылғалдылық және ауа қозғалысының жылдамдығы қабылданады. Есепті сыртқы ауа параметрі 1.2 – кестеде көрсетілген.

Дипломдық жобада ішкі микроклимат параметрлері жеңіл жұмыс категориясында деп таңдаймын.

1.2 Кесте - Есепті сыртқы ауа параметрі

Есептік мезгіл	А параметрі					Б параметрі				
	t _c , °C	I _c , кДж/ кг	φ _c , %	d _c , г/кг	θ, м/с	t _c , °C	I _c , кДж/ кг	φ _c , %	d _c , г/кг	θ, м/с
Жылдың жылы мерзімі	24,9	48,1	46	9,02	1	31	51,1	27,5	7,7	1
Өтпелі жылдың мерзімі	8	22,5	90	6	-	8	22,5	90	6	-
Жылдың суық мерзімі	-22	-20,9	95	0,5	6,5	-35	-35,2	-	-	5,8

1.2 Қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есептері

Жылыту жүйелерін жобалау үшін жылутехникалық есептер арқылы мәліметтер болу қажет. Жылу берудің үш түрі болады: сәулелік, конвективтік және жылуөткізгіштік. Сыртқы қоршауларда жылуөткізгіштік түрі мол болады. Ішкі және сыртқы ауа қатынасы сыртқы қоршаулар арқылы қарастырылады. Жылутехникалық есепті орындауға негізгі қажеттіліктер: жылдың салқын мерзіміндегі ішкі және сыртқы ауаның термодинамикалық параметрлері және сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары.

Жылутехникалық есеп жылытылатын мерзімде ғимараттың барлық бөлмелерінің сыртқы қоршауларына санитарлы - гигиеналық талаптарын және пайдалану шарттарын есепке ала отырып жүргізіледі.

Ғимараттардың қоршаушы құрылымдарының жылутехникалық есебінде санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі R_o^{mp} , м² °C/Вт анықталады

$$R_o^{mp} = \frac{n \cdot (t_i - t_o)}{\alpha_B \cdot \Delta t_c}, \quad (1.1)$$

мұндағы t_i, t_o - ішкі және сыртқы ауаның есепті температуралары;

Δt_c - ішкі ауа мен қабырғаның ішкі бетіндегі нормативтік температура, қабылданады ;

n -сыртқы қоршаудың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент, қабылданады ;

α_B -қоршаудың ішкі бетінің жылуөткізгіштік коэффициенті (ішкі ауаның жылуөткізгіштік коэффициенті) қабылданады , $\alpha_B=8,7$ Вт/ м² °C.

$$R_o^{mp} = \frac{1 \cdot (18 - (-31,2))}{8,7 \cdot 4} = 1,41 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт.}$$

Сыртқы қоршаулардың жылуөткізгіш коэффициенттерін анықтау үшін олардың жылулық кедергілері белгілі болуы керек. Сыртқы қоршаудың жылулық кедергісін R_0 анықтаудан басталады және ол қоршаудың жылу таратуға келтірілген кедергіден R_0^{np} санитарлы-гигиеналық талаптарға байланысты кем болмауы керек.

Сыртқы қоршаулардың жалпы жылуөткізу кедергісі R_o , $\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт}$ анықталады

$$R_o = R_i + R_1 + R_2 \dots + R_c, \quad (1.2)$$

мұндағы R_i - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу кедергісі;

R_1, R_2 - қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері;

R_c - қоршаудың сыртқы бетінен ауаның жылуөткізгіш кедергісі.

Қоршаудың ішкі бетінен ауаның жылулық кедергісі R_i , $\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт}$, анықталады

$$R_i = \frac{1}{\alpha_i}, \quad (1.3)$$

мұндағы α_i - қоршаудың ішкі беттерінен ауаның жылуөткізу коэффициенті, $\text{Вт/м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$.

Қоршаудың қабаттарының жылуөткізгіштік кедергілері R_1, R_2 , $\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт}$ анықталады

$$R_1 = \frac{\delta_1}{\lambda_1}, R_2 = \frac{\delta_2}{\lambda_2} \quad (1.4)$$

мұндағы δ - қоршаудың қабаттарының қалыңдығы, м;

λ - жылу өткізгіштік коэффициенті, $\text{Вт/м}^0\text{C}$.

Жобалауда мынадай шарт орындалуы тиіс $R_o > R_o^{np}$.

Сыртқы қоршаулардың жылуөткізгіштік коэффициенті k , $\text{Вт/м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}$ анықталады

$$k = \frac{1}{R_o} \text{ немесе } k = \frac{1}{R_o^{mp}}, \quad (1.5)$$

1.3 Кесте - Сыртқы қабырға конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Құм цементті ерітінді	0,02	0,76	0,026
Минвата	0,20	0,09	2,222
Газабетон	0,40	0,53	0,755
Құм цементті ерітінді	0,02	0,76	0,026

1.4 Кесте - Еден конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Темірбетон	0,22	1,92	0,115
Перлитопластбетон	0,17	0,041	4,146
Линолеум	0,003	0,35	0,0086

1.5 Кесте - Төбе жабыны конструкциясы

Қоршаушы конструкциясының құрамы	Қалыңдығы, $\delta, \text{м}$	Жылуөткізгіштігі, $\lambda, \text{Вт/м}^\circ\text{C}$	Кедергісі, $R, \text{м}^2^\circ\text{C/Вт}$
Темір бетонды плита	0,220	1,92	0,115
Перлитопластобетон	0,150	0,041	3,658
Құмды цемент	0,13	0,76	0,171
Битумные	0,001	0,17	0,006
Рубероид	0,03	0,17	0,176

1.3 Бөлмелердің жылу жоғалуы

Жылыту жүйесін жобалау үшін бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылу мөлшері қажет. Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын негізгі жылу мөлшері $Q_{\text{нег}}$, Вт мына өрнекпен анықталады

$$Q_{\text{нег}} = A \cdot k \cdot (t_i - t_o) \cdot n, \quad (1.6)$$

мұндағы A - жылу жоғалатын сыртқы қоршаудың ауданы, м^2 ;
 k – осы қоршау конструкциясының жылуөткізгіш коэффициенті, $\text{Вт/м}^2^\circ\text{C}$;
 t_i, t_o – ішкі және сыртқы ауаның есепті температуралары, $^\circ\text{C}$;

n – сыртқы қоршаудың сыртқы ауаға қатынасын ескеретін коэффициент.

Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы негізгі жоғалатын жылу шығынына Q , Вт көп факторлар әсер етеді, сондықтан

$$Q = A \cdot k \cdot (t_i - t_o) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta) = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.7)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуды ескеретін түзету коэффициенттер қосындысы, қабылданады:

- бөлмедегі екі сыртқы қабырғаға – 5 пайыз (0,05);
- сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары әр 1м-ге – 2 пайыз (0,02);
- сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс, солтүстік – 10% (0,1), батыс – 5 пайыз (0,05); оңтүстік – 0;
- желдің жылдамдығы, егер $V < 5 \text{ м/с}$ – 5 пайыз (0,05), $V > 5 \text{ м/с}$ – 10 пайыз (0,1);
- сыртқы есікке: 1 қабатты – 0,22Н, 2 қабатты тамбурлы – 0,27Н, танбурсыз – 0,34Н, 2 танбурлы – 0,2Н, (Н – ғимараттың биіктігі, м).

Мысалы: 101 бөлменің сыртқы қабырға үшін жылу жоғалу есебі

$$Q_{\text{нег}} = 19,53 \cdot 0,312 \cdot 53,2 \cdot 1 = 324,167 \text{ Вт},$$

$$Q = 324,167 \cdot 1,15 = 372,792 \text{ Вт}.$$

Бөлмелердің жылу жоғалуы есебі А.1 кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттың жылу жоғалуын Q_o , Вт іріктелген көрсеткіштер арқылы анықтауға болады

$$Q_o = q_o \cdot V \cdot (t_i - t_o) \cdot n, \quad (1.8)$$

мұндағы q_o - жылытудың іріктелген жылу көрсеткіші $\text{Вт/м}^3 \text{ } ^\circ\text{C}$, ғимараттың сыртқы өлшемімен алынған көлеміне байланысты қабылданады;

V – ғимараттың көлемі, м^3 ;

$t_i - t_o$ – ауаның ішкі және сыртқы есепті температуралары;

n – түзету коэффициенті t_o – қа байланысты қабылданады.

Жылыту жүйесінің жылулық қуаты $Q_{\text{жж}}$, Вт анықталады

$$Q_{\text{жж}} = k \cdot \sum Q_o, \quad (1.9)$$

мұндағы k - қосымша түзету коэффициенті, қабылданады ($1,07 \div 1,2$);
 $\sum Q_0$ - ғимараттың сыртқы қоршауларымен жалпы жылу жоғалуы.

1.5 Жылыту құрылғыларының негізгі шешімдері

Жылыту жүйесі – бұл өз ара байланыстары бар конструктивтік элементтердің қосындысы, олар жылытатын бөлмеге қажетті жылу шығынын өнімдеп, таратып беру үшін арналған. Негізгі элементтері- жылу көзі, жылу құбырлары, жылыту аспаптары. Жылыту жүйелерінде жылутасымалдағыш қазан немесе жылуалмастырғышта қыздырылады, содан кейін құбырлармен жылыту аспаптарына келіп түседі. Жылутасымалдағыштың жылуы жылыту аспаптар арқылы бөлмеге беріледі.

Бұл жобада орталықтандырылған 2 құбырлы сулы төменгі таратумен жылыту жүйесі қабылданды. Сыртқы жылу желісінен тасымалдағыш 105°C температурасымен ғимараттың жергілікті жылыту пунктіне келеді, бұл жерде жылыту жүйесінің санитарлы - гигиеналық талабына сәйкес тасымалдағыштың температурасы 70°C дейін жылуалмастырғышта төмендетіледі.

Жобада «Forza 500» фирмасының полипропиленді бейметалды енгізілген құбырлары жүргізілген. Ол өзінің жоғары температуралы және механикалық төзімділігімен ерекшеленеді. Құбыр барлық гигиеналық-санитарлық талаптарға сай келеді. Құбырлар тотыққа қарсы жабылған және оқшаулау қарастырылған.

Жылыту жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі – жылыту аспаптары, олар жылутасымалдағыш жылуын бөлме ауасына беруге арналған

1.5.1 Жылыту аспаптарын таңдау

Жылыту аспаптарының жылулық есебінің мақсаты – бөлмеден жоғалатын жылу мөлшерінің орнын толтырып тұруға жеткілікті қызу шығаратын бет ауданын табу. Жылутасымалдағыштан жылу бөлмеге жылыту аспаптарының қабырғасы арқылы беріледі. Жылыту аспаптарының бет ауданына, оның түріне, орнатылған орнына, құбырларға қосылу сұлбасына және басқа факторларға байланысты болады. Жылыту аспаптарын сыртқы қабырға тұсына, әдетте терезе астына орнатады, себебі терезеден келетін суық ауа ағындарына тосқауыл болады.

Жобада жылыту аспаптары ретінде «Rifar» фирмасының Forza 500 типті бейметалл панельді радиаторлары қолданылған. Әмбебап панельді радиаторлар Forza 500 белгілі бір қалыпқа келтірілген қыздырғыш панельмен және конвекционды элементпен, бүйірлі жасанды және жоғарғы жасанды «гриль» типті жабдықталған. Екі төменгі және төрт бүйірлі ішкі бұрандалы G1 қосылу саңылауы төменнен қосылуға мүмкіндік береді, ал керек кезінде бүйірден де

қосылуға болады. Радиатор кіріктіріме термостатикалық ішбетті бастапқы реттегішпен жабдықталған

Техникалық мәліметтері

- Материалы: жоғары сапалы терең штампталған лист бейметалды FeP01;

- Листтің шартты қалыңдығы: қыздырғыш панельдер – 1,25 мм, конвекционды элемент – 0,50 мм;

- Сулы тік каналдың әрекеті: 33,3 мм

- Қосылатын патрубкілер: 2 x G 1/2" төменнен оңға (солдан –тапсырыс бойынша), 2 x G 1/2" бүйірлі

- Жұмыстық қысымы: 10 бар

- Ең жоғарғы температура: 135°C

- Өндірісте сынау қысымы: 13 бар

- Түсі: ақ RAL 9016, басқа түстер RAL шкаласы бойынша–тапсырыс арқылы

- Қосымша бөлшектер: тіреуіштер, тығындар, ауаны шығару үшін клапан радиатор жиынтығын.



1.1 Сурет - Радиатор алдынан көрінісі

1.5.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптимальды диаметрін таңдау;

- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Тұрғын үйдің жылыту жүйелерінің гидравликалық есебі екі құбырлы жүйе бойынша есептелді. Тұрғын үйдің тік екі құбырлы жылыту жүйесінің есебі негізгі айналымды сақинадан басталады, ол ретінде ең алыс өтетін тік желі және оның ең жоғарыда орналасқан жылыту аспабы қарастырылады.

Бұл жобада жылыту жүйесінің гидравликалық есебі А.2 кестеде көрсетілген.

1.5.3 Жергілікті жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы

Жобада жергiлiктi жылу пунктiнiң негiзгi қондырғысы ретiнде бiржүрiстi элеватор тәрiздi жылуалмастырғыш қолданылады. Элеватор тәрiздi жылуалмастырғыш сұйық, бу тәрiздi және газ тәрiздi ортада аса тиiмдi энергия алмасуға арналады. Элеваторлы жылуалмастырғышта жылу алмасу қыздырылған ортадан жылытылатын ортаға ауысады. Элеватор тәрiздi жылуалмастырғыш бетi вакуумдық пеште өзара мыс пен никельден дәнекерленген кедiр-бұдырланған пластинадан тұрады және сол арқылы жылу берiледi. Сол себептi де жылуалмастырғыштар сулы жылыту және булы жылыту жүйесiнде кең қолданыста. Элеватор тораптары өткен ғасырдың ортасынан бастап көп пәтерлi үйлердiң жылу пункттерiнде қолданылады, кейбiр үлгiлер әлi де сәттi жұмыс iстеуде. Тұрғындар ескiрген элементтердi заманауи автоматикамен жабдықталған жаңа арматураға ауыстыруға асықпайды және бұл құлықсыздық толығымен негiзделген. Жылу алмасу процесi кезiнде жылуалмастырғыштың пластиналарының бүкiл аумағы қатысады, сондықтан олар шағын және бағасынан тиiмдi. Элеватор-бұл жылу жүйесiнен келетiн салқындатылған суды араластыру арқылы кiретiн салқындатқыштың қысымы мен температурасын төмендететiн энергияға тәуелсiз құрылғы. Жылыту жүйесiнiң элеваторлық торабы-үйдiң жылыту жабдығының бөлiгi болып табылатын ерекше функционалдык механизм. Шын мәнiнде, ол су ағынының немесе эжекциялық сорғының рөлiн атқарады.

Суағынды элеваторлар жұмыста қарапайым және пайдалануда сенiмдi болғандықтан кең қолданылады, ал кемшiлiктерi: ПӘКi кiшкентай, сыртқы жылумен қамту жүйесiнде апаттық жағдай кезiнде жылыту жүйесiнiң айналуы тоқтайды, араластыру коэффициентiнiң тұрақтылығы жылыту жүйесiнiң жергiлiктi сапалық реттеудi жояды. Бұл кемшiлiктi жою үшiн элеватор соплосының тесiгiнiң аймағына автоматтық түрде реттеу қолданылады.

Элеваторды таңдау үшiн келесi жолмен арнайы есептер жүргiзiледi.

1 Жылу желiсiнен түсетiн судың шығыны анықталады:

$$G_{жж} = \frac{Q_{ж}}{c \cdot (T_1 - T_2)}, \text{ кг/с} \quad (1.10)$$

мұндағы $Q_{ж}$ – жылыту жүйесiнiң жалпы жылу шығыны, Вт;

c – судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг °С;

T_1, T_2 – судың температуралары, 150 және 70°С тең

2 Элеватордың араластыру коэффициентi анықталады:

$$\alpha = \frac{(T_1 - t_1)}{(t_1 - t_2)}, \quad (1.11)$$

3 Жылыту жүйесіне түсетін судың шығыны анықталады:

$$G_{\text{жж}} = \frac{Q_{\text{ж}}}{c \cdot (t_1 - t_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.12)$$

мұндағы t_1, t_2 – жылыту жүйесінің беретін және қайтатын құбырындағы судың температуралары, °С.

4 Элеватордың мойынының диаметрі анықталады:

$$d_{\text{м}} = 1,55 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^{0,5}}{\Delta P_{\text{ж}}^{0,25}}, \text{ см}, \quad (1.13)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{ж}}$ жылыту жүйесіне элеватор арқылы берілетін қысым, кПа.

5 Элеватордың сопласының диаметрі анықталады:

$$d_{\text{с}} = \frac{d_{\text{г}}}{1+u}, \text{ см}, \quad (1.14)$$

6 Элеватор жұмыс атқару үшін жылу желілерінен ғимаратқа берілетін жоғалатын қысым анықталады:

$$\Delta P = 6,3 \cdot \frac{G_{\text{жж}}^2}{d_{\text{с}}^4}, \text{ Па}, \quad (1.15)$$

Есеп аяқталғаннан кейін элеватордың типтік номері таңдалады және оның конструктивтік өлшемдері қабылданады. Элеватордың типтік номері және конструктивтік өлшемдері оның конструктивтік өлшемдері қабылданады.

Динамикалық кедергісіне қысым жоғалуы $\Delta P_{\text{дин}}$, Па келесі формуламен анықталады

$$\Delta P_{\text{дин}} = \frac{\rho \cdot \omega^2}{2}, \quad (1.16)$$

мұндағы ω – су жылдамдығы, м/с;

ρ – су тығыздығы, кг/м³.

Жергілікті жылу пунктiнiң бiрiншi учаскесiнiң динамикалық кедергiде қысым жоғалу есебi

$$\Delta P_{\text{дин}} = \frac{1000 \cdot 0,339^2}{2} = 57,5 \text{ Па}.$$

Қабылданған диаметрлер үшін R және u, Па, мәндері алынады. Әр учаскеде жалпы жергілікті кедергілер коэффициенті $\Sigma \xi$ есептеледі. Кесте арқылы судың жылдамдығы u мен жалпы жергілікті кедергі коэффициенті $\Sigma \xi$

анықтағаннан кейін, жергілікті кедергілерде жоғалатын қысымды Z , Па табамын, ол келесі формуламен анықталады

$$Z = \Sigma \zeta \cdot \Delta P, \quad (1.17)$$

мұндағы $\Sigma \zeta$ - жергілікті кедергілер қосындысы;

ΔP – динамикалық кедергісіне қысым жоғалуы, Па.

Жергілікті жылу пунктiнiң бiрiншi учаскесiнiң жергiлiктi кедергiлерде жоғалатын қысымы

$$Z = 57,5 \cdot 1 = 57,5 \text{ Па.}$$

Учаскенiң жалпы қысым жоғалуын $\Delta P_{\text{уч}}$, Па мына формуламен анықталады

$$\Delta P = R \cdot l + Z, \quad (1.18)$$

мұндағы Z – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па;

R - үйкелістегі меншікті қысым жоғалуы, Па/м;

l – есепті учаскедегі құбырдың ұзындығы, м.

Жергілікті жылу пунктiнiң бiрiншi учаскесiнiң жалпы қысым жоғалу есебі

$$\Delta P = 111,68 + 57,5 = 169,18 \text{ Па.}$$

Есепті айналымды сақинаның қосынды қысым жоғалуы ΔP жүйеге берілген жайғасқан қысыммен ΔP салыстырылып, байланыссыздығы анықталады

$$\Delta = \frac{\Delta P - \Sigma(R+Z)}{\Delta P} \cdot 100 < 15\% \quad (1.19)$$

Жайғасқан қысым мен қосынды қысым жоғалуының байланыссыздығы:

$$\Delta = \frac{14500 - 13136,5}{14500} \cdot 100\% = 9,4\%$$

1.6 Желдету жүйесінің шешімдері мен есептері

Желдету жүйесі дегеніміз тұрғын үй, қоғамдық өндірістік ғимараттардың үй-жайларында есептік ауа алмасуды қамтамасыз етуге арналған шаралар мен құралдардың жиынтығы түсініледі.

Желдетудің негізгі маңызы рұқсат етілген параметрі бар бөлмелерді желдету тұрақты ұстау-оған жетудің бірнеше жолы бар. Мысалы, жылу

сыйымдылығы, қалыпты бөлімді қарапайым желдету және бөліктегі ауа алмасуды желдету ұйымы немесе арнайы пайдаланылған ауаны беру арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта желдету жүйесі әр ғимаратта, әр үйде қолайлы микроклимат құруда маңызды рөл атқарады. Желдетудің екі түрі бар: жасанды және табиғи. Жасанды желдету әртүрлі желдеткіштер арқылы жүзеге асырылады. Табиғи желдету деген ауаны терезелер, есіктер, сондай-ақ арнайы тесіктер арқылы ауыстыру.

1.6.1 Бөлмелердің ауа-жылу балансын анықтау

Көптеген ғимараттарда зиянды заттар ретінде артық жылу болып табылады. Мұндай ғимараттарда міндетті түрде желдету жүйесін қарастыру керек, яғни бөлмеге ауа беру және ауа шығару жылуларының бүкіл баптарын анықтау.

Бөлмелердің жұмыс аймағындағы ауа температурасы нормативтік құжаттарға сәйкес таңдалынған. Жобада, барлық бөлмелерді ішкі ауа тәртіп нормасы бойынша қамтамасыз етіледі, ол санитарлық-гигиеналық нормаға сәйкес келеді. Кей жағдайларда белгілі жылумен баланс құру жеткілікті болады.

Ылғал алмасу процесі белсенді бөлмелерде міндетті түрде толық жылумен баланс құру керек, яғни су буларында болатын жабық жылу арқылы ауа алмасады. Ғимаратты жобалағанда, бөлменің ауа алмасуы 2 тәсілмен орындалады, ол:

- еселікпен;
- жылу балансымен.

Ауа алмасу еселігі- бір сағат ішінде үй-жайға беретін немесе одан шығаратын ауа көлемінің үй-жай көлеміне қатынасы.

Ғимарат бөлмелеріндегі ауа алмасу есебі мынадай әдістермен жүреді:

- жылулық баланс және ылғал бөліну;
- ауа алмасуының еселігі;
- санитарлық мөлшер арқылы.

Ауа алмасуды есептеу ауа алмасу еселігі L , $\text{м}^3/\text{сағ}$ арқылы табуға болады

$$L = V \cdot k, \quad (1.20)$$

мұндағы k - ауа алмасу еселігі, сағ^{-1} ;

V - бөлменің көлемі, м^3 .

Бөлмелердің ауа алмасу еселігі Ә 1 кестеде көрсетілген.

1.6.2 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі

Аэродинамика- гидроаэромеханика бөлімі, онда ауаның қимыл және күш заңдылықтары зерттеледі. Ауаның аэродинамикалық есебі, олардың көлденең бөлінуімен және де бөлек салалардан қысым жоғалту жүйелерімен, өлшемдерімен анықталады, бұл-тура амал. Ауа өткізгішпен ауа жүргенде кез-келген көлденең бөлінуде 3 түрлі қысымды анықтайды. Статикалық, динамикалық және толық. Статикалық қысым - 1м^3 ауаның потенциалдық энергиясын анықтайды, оған тең қысым ауа өткізгіштің бүйіріне әсер етеді.

Динамикалық қысым- ағыстың кинетикалық энергиясы (1м^3). Бөлінудегі динамикалық қысым , ауа қозғалым жылдамдығы кезінде

$$P_d = \frac{\rho V^2}{2}, \quad (1.21)$$

Толық қысым статикалық және динамикалық қысым қосындысына тең

$$P_T = P_{ст} + P_d, \quad (1.22)$$

Желдету жүйесінде қысым жоғалуы ΔP , Па үйкеліс жоғалуына және орынды қарсылықтардан тұрады

$$\Delta P = \sum (Rl + Z), \quad (1.25)$$

мұндағы R - байланыстың есептеу саласында үйкеліс арқылы қысым жоғалуы, Па/м;

l - ауа өткізгіштің ұзындығы, м;

Z – байланыстың есептеу саласында орынды қарсылықты қысым жоғалуы, Па.

Ауа өткізгіште үйкелістегі қысым жоғалу R , Па/м анықталады

$$R = \frac{\lambda}{d} \cdot \frac{\rho V^2}{2}, \quad (1.26)$$

мұндағы λ - үйкеліс қарсылығының коэффициенті;

d – ауа өткізгіштің диаметрі, м;

V - ауа өткізгіштегі ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с;

ρ - ауа өткізгіштегі ауа тығыздығы, кг/м³.

Үйкелісте қысым жоғалу мағынасы түзетулі n коэффициентімен қысымның үйкелісті жоғалуымен қабылданады. Қысым жоғалуды анықтау үшін кестелер мен номограммалар құрастырылған.

Тік бұрышты бөліну формасында, есептік артықшылық d үшін $d_{\text{экв}}$, эквивалентті диаметр алынған, мұндағы қысым жоғалуы дөңгелектегідей.

Эквивалентті диаметр $d_{экв}$, м анықталады

$$d_{экв} = \frac{2A \cdot B}{(A + B)}, \quad (1.27)$$

мұндағы A және B – тік бұрышты өткізгіш өлшемдері, м.

Орынды қарсыластың кезінде қысым жоғалуы ауаның өткізгіштегі динамикалық қысымына пропорционал

$$Z = \frac{\Sigma \xi \cdot \rho \cdot V^2}{2}, \quad (1.28)$$

мұндағы $\Sigma \xi$ - ауа өткізгіштің есептік учаскесіндегі жергілікті кедергінің жалпы коэффициенті, ол арнайы кестеден анықталады.

Есептеу бөлігінің көлденең қимасының ауданы f_p , м² анықталады

$$f_p = \frac{L_p}{V_p}, \quad (1.29)$$

мұндағы L_p – учаскедегі есепті ауа шығыны, м³/с;

V_p - учаскегі ауа қозғалыс жылдамдығы, м/с;

f_p – үлкендігіне байланысты өткізгіш немесе каналдың стандартты өлшемдері таңдалынады.

Нақты жылдамдығы W_ϕ , м/с анықталады

$$W_\phi = \frac{L_p}{f_\phi}, \quad (1.30)$$

Желдету жүйелерінің аэродинамикалық есебі ауа алмасу есебін шығарған соң жасалады және ауа өткізгіштер жүретін жерді белгіленгеннен кейін жүргізіледі. Аэродинамикалық есепті орындау үшін алдымен жүйенің аксонометриялық сұлбасы салынады. Бұл жобада желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі Ә.2 кестеде көрсетілген.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс өндірісінің технологиясы бұйымдар мен түзілістерді дайындау бойынша құрылыс процестерін орындау саласындағы және оларды дайын құрылыс өнімдеріне үймереттер мен ғимараттарға айналдыру жөніндегі білім жиынтығы. Технологиялық жобалау өзімен ең аз технико-экономикалық көрсеткіштерімен жоғары сапалы құрылыс өнімін шығаруын қамтамасыз ететін құрылыс процестерін орындау үшін ең жақсы ұйымдастыру-технологиялық шешімдерін табуын көрсетеді.

Технологиялық жобалаудың мұндай қорытынды құжаттарына жұмыс өндірісінің жобасы, технологиялық карталар және құрылыс өндірісінің еңбек процестерінің карталары жатады. Жұмыс өндірісінің жобасы құрылысты ұйымдастыру жобасында қабылдаған негізгі шешімдері және жергілікті ұйымдастыру-техникалық жағдайларды есепке алып жұмыс сызбалары негізінде құрылыс ұйымын жасайды

2.1 Ұйымдастырылған техникалық шаралар

Нұр-Сұлтан қаласында тоғыз қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін монтаждау жөніндегі жобалау технологиясын және оны ұйымдастыруды әзірлеу қажет. Орнату жұмысы жылу жүйесінің жеке бөлімдерінен тұрады. Жылыту жүйесі бойынша монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде жақын маңдағы су құбырлары және энергиясымен жабдықтау желілері, сондай-ақ объектіге іргелес жатқан автомобиль жолын пайдаланылады.

Ұйымдастыру-техникалық дайындық жұмыстарын ҚР ҚН 3.01.01-2012 «Құрылыс өндірісінің ұйымы» атты нормалар жинағына сәйкес жүзеге асырылады және оларға қатысты шаралар Б.1 кестеде көрсетілген.

2.2 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Еңбек шығындарының құны негізінен жұмысшылардың сызбасынан және үнемдеу үшін таңдалған жұмыс әдісін түсіндіруден тұрады. Бастапқы мақсат-еңбекті нормалауды оңайлату, оның еңбекақы төлеу жүйесін дамыту үшін мүмкіндік жасайды.

Нормалар мен бағалар құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстары қызметкерлерінің келісілген еңбекақысы мен еңбек шығындарын айқындауға арналған техникалық негізделген нормалар мен бағалар кешенін білдіреді.

Құрылыстың өзіндік құны құрылысты ұйымдастырудың міндетті экономикалық көрсеткіші болып табылады. Жұмыстың басты мақсаты номенклатурасында негізгі мен қосымша жұмыс түрлері қарастырылады. Жұмыс күнінің ұзақтығы 8,2 сағат бір ауысымнан тұрады.

Құрылыстың өзіндік құны жұмыстың бұл түрі материалдық, еңбек, энергия және ақшалай түрдегі көлем бірлігін өндірудің басқа шығындарын көрсетеді. Есептеу нәтижелері Б.2 кестеде көрсетілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар дегеніміз жұмысқа және оны орындау мерзіміне байланысты технологиялық жабдықтар мен құбырларды құрастыру технологиясының графикалы моделі.

Күнтізбелік жоспарды құру үшін қажетті ақпарат: жабдықты құрастырудың нормативтік уақыты, кадрлар, машиналар мен механизмдер туралы, жабдықты жеткізу, еңбек шығындарын есептеулер туралы ақпарат.

Жұмысшылардың біркелкі емес қозғалыс коэффициенті мына формула бойынша анықтаймыз

$$K = \frac{n_{\max}}{n_{cp}}, \quad (2.1)$$

мұндағы n_{cp} – қызметкерлердің орташа саны, адам.

$$n_{op} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i \cdot t_i$ – i -ші тұрғын үй жұмыс бойынша жылу сыйымдылық, адам·күн;

T – жинақтаушы жұмыстың күнмен ұзақтығы;

K – өнімді асыра орындаудың орташа коэффициенті 1-ге тең.

Құрылыс алаңының жұмысы бойынша қабылданады: $\sum Q = 131,4$ адам·күн және $T = 21$ күн, орташа жұмысшылардың саны келесідей есептеледі:

$$n_{op} = \frac{131,4}{21} = 6,27 \text{ адам,}$$

$$K = \frac{8}{6,27} = 1,2.$$

Еңбек шығынының калькуляциясы Б.1 кестеде көрсетілген.

2.4 Көліктің қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы кезіндегі тасымалдау жүктері құбырлар және радиаторлар болып табылады. Транспорт түрі барлық жабдықтарды, оның габариттері, тасымалдау арақашықтығы және тасымалдауға кеткен уақытты есепке ала отырып таңдалады.

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып табылады. Транспорт саны N , дана мына формула бойынша анықталады

$$N = \frac{Q}{P_{\text{тәу}} \cdot T}, \quad (2.3)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады); $Q = 3$ тонна;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{\text{тәу}}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, т/аусым мына формула бойынша анықталады

$$P_{\text{тәу}} = q \cdot n_p, \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 5 тонна деп қабылданады;

n_p – аусымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{\text{см}}}{\left(2 \cdot \frac{L}{V_{\text{ср}}}\right) + t_n + t_p + t_m}, \quad (2.5)$$

мұндағы $t_{\text{см}}$ – аусым ұзақтылығы, 8,2 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 10 км;

$V_{\text{ор}}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{\text{ти}}$ – жүкті тиеу уақыты, БНЖБ1 бойынша анықталады;

$t_{\text{т}}$ – жүкті түсіру уақыты: $t_{\text{т}} = t_{\text{ти}} = 40$ мин;

$t_{\text{м}}$ – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03 сағ. тең деп қабылданады.

Сонда аусымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады

$$n_p = \frac{8.2}{\left(2 \cdot \frac{10}{20}\right) + 0.67 + 0.67 + 0.03} = 3.46 \text{ рейс.}$$

Аусымда 4 рейс деп қабылданады. Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{\text{тәу}} = 5 \cdot 4 = 20 \text{ т/аусым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{3}{20 \cdot 1} = 1 \text{ машина.}$$

Маркасы КАМАЗ 4326 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 5 тонна. Құрылыс жинақтау жұмысы көлемінің ақпарат тізімі Б.2 кестеде көрсетілген.

2.5 Аз механизацияланған құрылғылардың, қолмен және механизмделген бұйымдардың қажеттілік есебі

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бригадаларға бөліну арқылы өтеді. Звено және бригада құрамы өндіріс жұмысының графигі негізінде қабылданады. Әрбір бригада міндетті түрде аспаптар жинағымен қамтамасыз етілуі керек, себебі жылыту жүйесінің жинақтау жұмысы бойынша тәжірибе жүзінде барлық жұмыс көлемін автономды орындауы керек.

Аспаптар қажеттілігі бригада жұмысшыларының санымен анықталады, ал оның номенклатурасы норма бойынша орындалатын жұмысқа қатысты қабылданады. Механизмдер мен құралдардың тізбегі техникалық карта және өндіріс техникасының негізінде анықталады. Аз механизациялы құралдары, қолмен жұмыс жасайтын және механизацияланған аспаптар есебінің мәліметтері Б.3 кестеде келтірілген.

2.6 Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Жылыту жүйесінің жинақтау жұмысын аяқтағаннан кейін, жылу пунктіне жабдықтарды қосу, жабдықтарды жүргізіп сынаудан өнімделетін басқа барлық коммуникацияларға қосылу және жүйелерді сынау жүргізіледі.

Сынақ жүргізу алдынан қондырылған жылыту аспаптары жоба мәліметтеріне сәйкес келуін, құбырлар дәнекерлену сапасы, олардың жылыту аспаптарымен қосылуын, жабдықтардың дайын болуын тексереді.

Тексеру кезінде пайда болатын барлық ақауларға ақпарат тізімі құрастырылады және оны реттеушіге береді. Ақауларды сынақ жүргізу басталғанға дейін міндетті түрде алып тастау керек.

2.7 Желдету жүйесінің жинақтау жұмысының сапасын бақылау

Құрылыс конструкцияларымен жасырылған ауа жолдары учаскелерінің герметикалығын тексеру жөніндегі жұмыстарды орындау аэродинамикалық сынақтар әдісімен жүргізіледі; герметикалығын тексеру нәтижелері бойынша жасырын жұмыстарды куәландыру актісі жасалады. Желдету қондырғыларын жеке сынау Электр қозғалтқыштарының жұмыс қабілеттілігін және қондырғының айналмалы элементтерінде ақаулардың болмауын тексеру мақсатында жүргізіледі.

Ауа өткізгіштерді монтаждаудың соңғы кезеңі-іске қосу-жөндеу жұмыстары және пайдалануға беру.

2.8 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі

Еңбекті қорғау – бұл әлеуметтік-техникалық ғылым, өндірістік қауіпті жағдайларды кәсіптік зияндарды зерттейді, оларды болдырмау шараларын жасайды немесе оқыс жағдайлардың, кәсіптік аурулардың алдын алу тәсілдерін қарастырады. Еңбекті қорғаудың мақсаты – жұмыс істеушінің қауіпсіздігіне және ауырмауы үшін қолайлы жағдай жасап, еңбек өнімділігін барынша жоғары көрсете алатындай жағдайлармен қамтамасыз ету. Еңбек өнімділігі адамның денсаулығы мен жұмыс істеу қабілетін сақтау, адам еңбегін жұмыс мезгілін үнемдеу, оның белсенді жұмыс істеу периодын ұзарту, өнімнің жоғары сапасын көтеріп, қоғамдық еңбекті үнемдеу, негізгі өндірістік қорларды қолдануды жақсарту апаттар санын азайту және тағы басқалары арқылы артады.

Еңбек жағдайларын жақсарту және оның қауіпсіздігі өндірістік жарақаттануды, кәсіптік ауруларды төмендетеді, бұл қызметкерлердің денсаулығын сақтайды және сонымен қатар қолайсыз жағдайларда жұмыс барысындағы төленетін жеңілдіктер мен қосымша ақша төлемдерін азайтады. Еңбек жағдайларын жақсарту әлеуметтік жақсы нәтижелер береді – қызметкерлердің денсаулығы артады, жұмысы қанағаттандырады, еңбек тәртібі артады, өндірістік және қоғамдық белсенділік пен басқа да еңбекшілердің жоғары сатылы дамуын сипаттайтын көрсеткіштер жоғарылайды.

Құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек.

Құрастыру жұмыстарын бастамас бұрын келесі шаралардың орындалуын қадағалау қажет:

- құрылыс алаңына алдын ала кіріс жолдар салыну керек, құрылыс көліктері мен көліктерге салынып жатқан нысанаға баратын мүмкіндіктермен қамтамасыз ету қажет;
- жинақтау алаңында ескерту белгілері мен қоршаулардың дайын болуы керек;
- мөлшерлі түрде жинақтау мен жүкті ілу құралдарымен қамтылуы керек;

- мөлшерлі түрде жинақтау мен жүкті ілу құралдарымен қамтылуы керек;
- жинақтаушылар, дәнекерлеушілер және басқа да жұмысшыларды каскалдармен және сақтандыру белдіктерімен жарақтандыру керек;
- жұмыс алаңдары, көлік жүру жолдары, тиеу немесе жүк түсіру орындары, өтетін жолдары қоқыстардан үнемі тазартылып тұруы керек;
- электр жетегі бар механизмдердің металл бөліктері және электр жабдықтарының корпусы жерге тұйықталуы керек;
- зиянды және өрт қаупі бар оқшаулау жұмыстары жүріп жатқан бөлмелерде басқа жұмыстарды орындауға және бөгде адамдардың болуына тыйым салынады;
- құбырларды оқшаулау жұмыстары жоба бойынша орналастырғаннан соң жүргізіледі;
- қол машиналарымен жұмыс істейтін адамдар алдын-ала қауіпсіз әдіспен жұмыс істеуді үйренуі керек;
- оқшаулағыш, лак және бояуға арналған, өңдеу материалдары және т.б зиянды заттарды бөлетін материалдарды жұмыс орындарында сақтауға болмайды, егер сол уақытта жұмыс орындалып жатса онда тек сол материалдың керекті көлемін сақтауға рұқсат беріледі

Азаматтардың еңбек еркінділігіне сай конституциялық құқығына байланысты туындайтын Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңы реттейді. Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және жекелеген қызметкерлер категориялары арасында еңбек қатынастарын реттейтін Заң мен басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Бұл Заң 1 қаңтар 2000 жылдан бері жұмыс істейді.

3 Экономика бөлімі

Кез келген жобаның өзінің экономикалық бөлімі болады. Ол экономикалық бөлімде сол белгіленген бір жобаны жүзеге асыру үшін, яғни жоба басталған сәттен бастап, дайын болған сәтіне дейінгі жұмсалатын қаражатты есептейді. Техникалық-экономикалық негіздеме - бұл өнімді немесе қызметті құрудың экономикалық орындылығын негіздейтін ақпаратты ұсынатын құжат. Техникалық-экономикалық есептеу жаңа объектіні жобалау мен салудың таңдалған нұсқасының экономикалық орындылығын, бұрыннан бар ғимаратты қайта жаңартуды немесе қолданыстағы өндірісті техникалық қайта жарақтандыру нұсқасын негіздеу үшін жасалады.

Техникалық-экономикалық есептеу құрамы мен мазмұны жобаның ерекшелігіне және оны жүзеге асыру үшін болжанатын болашақ кәсіпорындарға, ғимараттар мен құрылыстарға, технологиялық процестер мен өндірістік жабдықтарға байланысты техникалық-экономикалық негіздеме құрамы мен мазмұнымен салыстырғанда әрдайым қысқаратын болады.

Егер техникалық-экономикалық негіздеме негізінен өнімді немесе қызметті құрудың экономикалық орындылығын негіздесе, онда техникалық-экономикалық есептеу қазіргі уақытта нарықтағы ағымдағы жағдайларды ескере отырып, осы жағдайда олардың ең экономикалық орындылығын анықтай отырып, жобаны жүзеге асырудың нақты құралдары мен әдістерін таңдауды негіздейді. Техникалық-экономикалық есептеу әзірлеу жоспарланған объектінің ауқымына, жобалау және іздестіру жұмыстарының мерзімдеріне, сондай - ақ құрылысқа рұқсатты қоса алғанда, бастапқы - рұқсат беру құжаттамасын алуға байланысты құрылыс басталғанға дейін шамамен 0,5-1 жыл бұрын басталуы тиіс.

Жылыту жүйесінің тиімділігі материалдар мен жабдықтардың, өндіріспен құрастырудың, сондай-ақ пайдаланудың құнына байланысты. Үнемділік көрсеткіштері - бұл құрылымның тиімділігі, элементтердің массасы, еңбек шығындары, өндіріс және монтаждау мерзімдері, жөндеу, басқару және жөндеу шығындары. Менің дипломдық жобамда 9 қабатты тұрғын үйдің жылыту және желдету жүйесін жобалау болып табылады. Осы экономикалық бөлімде тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау үшін кеткен бұйымдар мен шығындарды есептеп көрсететін боламын.

3.1 Келтірілген шығын есебі

Жоба шешімінің экономикалық шығын минимум бойынша қарастырылады, ол мына формула бойынша анықталады

$$П = E_n \cdot K_i + C_i \rightarrow \min, \quad (2.6)$$

$$\Pi_1 = C_{\text{ж}} - E_n \cdot K, \quad (2.7)$$

мұндағы E_n – экономикалық тиімділіктің нормативті коэффициенті, 0,12-ге тең деп қабылданады;

K_i – жоба шешімі бойынша капиталды төлем ақысы, тенге;

C_i – эксплуатационды жылдық төлем ақысы, тенге/жыл.

Менің дипломдық жобамдағы жылыту жүйелерінің капиталды есебі В.1 кестеде көрсетілген. Жылыту жүйелеріндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысы 5232770 тенге.

Эксплуатационды шығындар келесі шығын түрлерінен тұрады, ол мына формула бойынша анықталады:

$$C = C_m + C_{\text{э}} + C_{\text{еа}} + C_a + C_{\text{жж}} + C_{\text{жэ}}, \quad (2.8)$$

мұндағы C_m – эксплуатационды материалдарға кеткен шығын, тенге/жыл

